


# Интернет желісіне жалпы сипаттама







- Интернеттің негізін қалаған 1969 жылы АҚШ қорғаныс Министрлігінің сұрауымен құрылған ARPANet желісі болды.
- Сонымен қатар басқа елдерде де халықаралық желілер құрылды. Қазір Интернет түрлі елдерде мыңдаған желілер мен жүздеген миллион қолданушыларды байланыстырып отыр.





*Интернетке қосылудың физикалық  
принциптері.*

Ауқымды желіге тікелей қосылу қымбатқа түседі, сондықтан қолданушылардың компьютерлері Интернет желісімен негізінен интернет-провайдерлер арқылы байланысады






- ❖ *Интернет-провайдер* - әртүрлі байланыс жүйесіндегі клиенттік компьютерлердің Интернетпен қосылуын қамтамасыз ететін компьютерлік түйін.
- ❖ Демек, клиенттік компьютерде Интернетпен жұмыс жасау үшін сәйкес байланыс жүйесімен қосатын құралдың болуы жеткілікті.
- ❖ Провайдермен байланысудың келесі түрлері бар:
- ❖ *Модемдік байланыс*. Ең қарапайым және арзан, сол себепті Интернетпен қосылудың ең кең тараған (тым болмаса өз елімізде) әдісі болып табылады.
- ❖ Мәліметтерді телефон желісі арқылы жеткізу құрылғысы *модем* деп аталады.




- ❑ Модемнің негізгі атқаратын міндеттері:
- ❑ - телефон нөмірін автоматты түрде теру;
- ❑ - желінің келесі шетінде модеммен байланысты автоматты түрде орнату;
- ❑ - сандық мәліметтерді аналогтық сигналдарға ауыстырып, оларды байланыс желілеріне жеткізу;
- ❑ - байланыс желілерінен аналогтық сигналдарды қабылдап, оларды сандық мәліметтерге ауыстыру;
- ❑ - факстік хаттарды қабылдау және жіберу;
- ❑ - автожауапкер (автоответчик) қызметін атқару.
- ❑ Модемдік байланыстың ерекшелігі, Интернетпен байланысу сеансы кезінде телефон уақытша қызмет етпейді. Мұндай байланыстың теориялық байланыс жылдамдығы 56 Кбит/с-қа жетеді.



- Ұялы байланыс арқылы қатынау (Wi-Fi). Wi-Fi технологиясы Интернетке жылжымалы компьютерлерден (ноутбуктер) қатынауды қамтамасыз етеді. Байланыстың теориялық жылдамдығы – 1Мбит/с. Әдетте бұл қосылу
- түрі қоғамдық орындарда (аэропорттарда,
- қонақүйлерде,
- сауда орталықтарында, офистер мен
- клубтарда)
- немесе ірі фирмалардың офистерінің
- қызметкерлері
- бір орыннан екінші орынға ауысу
- кезінде Интернетке жедел қатынау
- үшін қолданылады.



- 
- *Интернетте ұсынылатын қызметтер.* Қазіргі кездегі Интернет қолданушыларына ұсынылатын түрлі қызметтер тізімі өте көп. Соның ішінде өте кең тарағандары:
  - - Электрондық пошта (e-mail) –электрондық хаттарды жіберу және алу;
  - - Алыстағы компьютердегі файлдарға ену мүмкіндігін қамтамасыз ететін қызмет;
  - - Бүкіләлемдік тор (WWW);
  - - Интернет арқылы сөйлесу (IP);
  - - Электрондық коммерция және банктегі счеттарды басқару;
  - - Ақпарат іздеу (web-беттерді, файлдарды, қолданушыларды және т.б.)
  - - Қолданушылар арасында өзара файлдармен алмасу және т.б.





# ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ



# Интернет қызметтері

## Қазіргі заманғы кең тараған Интернет қызметтері:

Веб-форумдар

Блогтар

Уики-проекттер

Интернет-дүкен

Интернет-аукцион

Электронды почта

Жаңалықтар топтамасы(негізінен, Usenet)

Файл-алмасу желілері

Интернет-радио

Интернет-теледидар

Электронды кітап

IP-телефония Мессенджерлер

FTP-серверлер

IRC (веб-чаттар

Іздеу жүйелері

Интернет-жарнама

Өшірілген терминал

Төлем жүйелері





- ❖ **Браузер (Қарап шығушы) (Браузер, просмотрщик; browser)** -
- ❖ гипермәтіндікбайланысу мүмкіндігі бар файлдармен жұмыс істеуге арналған бағдарлама. Ол әркімнің тандауы бойынша кәдімгі мәтіннің, статикалықбейненіңнемесе графиктердің экранда бейнеленуін және олармен байланысқан басқа файлдарды іздестіруді қамтамасыз етеді. Кең тараған қарап шығушыларға Web-браузер, InternetExplorer, MozillaFirefox GoogleChromeжәне т.б. жатады;
- ❖ желіде жұмыс істеуге арналған қосымша бағдарламалық жасақтама (мысалы, ол Microsoft Internet Explorer WorldWideWebбеттерін қарап шығуға мүмкіндік береді);
- ❖ Web-беттерінқарап шығуға арналған құрал. Гиперсілтеме көмегімен бір бетті қарап шыққаннан кейін келесі бетке өтуге мүмкіндік жасайды.





❖ **Google Chrome** — бұл Google компаниясының Chromium еркін браузері мен веб-парақшаларды көрсететін WebKit жүргіртпесінің (қозғағыш) негізде жасалған браузер. Алғашқы beta-нұсқасы 2008 жылдың 2 қыркүйегінде Microsoft Windows-ке арналып шығарылды. Ал бірінші тұрақты нұсқасы - 2008 жылдың 11 желтоқсанында шықты.

❖ **StatCounter** мен **NetApplications** мәліметтері бойынша браузер танымалдылығы жөнінен 3 орында, ал оның 2011 жылдың нарықтағы көрсеткіші 13,49% пен 22,14% аралығында

# ТАРИХЫ

Алты жыл бойы Google-дің бас директоры Эрик Шмидт үздік браузерді ойлап табу идеясын қолдамады. Ол Google-дің тек қана "кішкене компания" деп, және де "браузерлер соғысына" қайтысқысы келмеді. Компания негізін қалаушылары Сергей Брин мен Ларри Пейдж Mozilla Firefox браузерін жасаған бірнеше адамдарды ала отырып, Chrome-ның алғашқы түрін көрсеткеннен соң, Шмидт өз сөзінде "Оның керемет болғаны соншалық, өз ойымды өзгертуге тура келді.



Эрик Шмидт



- ❖ Алғашқы Chrome тек Microsoft Windows ғана арналып шығарылып келген, кейінірек 2009 жылдың 9 желтоқсанынан бастап Linux пен Mac OS X-ке арналған dev және beta-нұсқалары шығарыла бастады.
- ❖ 2011 жылы Google Chrome 11 жаңа логотиппен шықты, бұрынғы Chromium-ге ұқсайтын көлемді логотипті ауыстырды.





■ **Mozilla Firefox** ([mou'zilə 'faɪfaks] / [mou'zilə 'faɪəfəks]) — еркін таратылатын веб браузер. Қолданылуы бойынша дүние жүзінде екінші орынды (2011 жылдың наурызында 29,98%), ал еркін бағдарламалық қамтама ішінде бірінші орын алады. Mozilla Firefox ашық стандарттарды қолдайтын еркін таратылатын Gecko қозғалтқышының негізінде жасалған. Файрфокс құрамында орфографияны тексеру, мәтін терілген кезде-ақ оны іздеуді бастау, RSS-ағымдарының интеграциясы, жүктеулер менеджері, "атып шығатын" терезелерді болдырмау, шолғышқа орнатылған кеңейтулерді автоматты түрде жаңарту қасиеттері бар. 2 000-нан астам кеңейтулерді қолдану арқылы Firefox мүмкіндіктерін шексіз арттыруға болады.

■ Mozilla Firefox ресми түрде Microsoft Windows, Mac OS X және Linux операциялық жүйелеріне шығады.



mozilla  
**Firefox**®



## Internet

**Explorer** (қысқаша **IE** не **MSIE**) — Microsoft компаниясы 1995 ж. бастап Microsoft Windows амалдық жүйесі құрамдас бөлігі ретінде жасаған графикалық ғаламтор шолғыш өнімі. Бұл бағдарлама 1999 ж. бастап дүние жүзі бойынша қолданымы ең көлемді бағдарлама болып, 2002-2003 жж. аралығындағы IE5 пен IE6-ның жарық көрген мезгілінен бері бұл қолданымдық көрсеткіші шырқау шегіне жетті де, сонан бері қарай тұрақты төмендеу күйінде болды.

internet explorer





**Яндекс** — Ресейлік ІТ компаниясы, бірыңғай іздеу жүйесі болып табылады. "Яндекс" танымалдылығы жағынан әлемде 20-шы, Ресейді 1-ші орында. Yandex.ru іздеу жүйесі болып 1997 жылдың 23-ші қыркүйегінде ресми түрде жарияланды. Бастыпқы кезде ComTek International компаниясының ықпалында болған Яндекс, 2000 жылы жеке компания болып бөлініп шықты.



**Яндекс**





INTERNET- ті тек бір адам ойлап шығармағанын сіз білесіз , ал WWW басқаша. WWW-ң негізгі технологиясы мен концепциясын Тим Бернерс-Ли жасады.





1989 жылы Бернес-Ли глобальды гипертексті проект ұсынады және оны World Wide Web деп атайды. Келесі жылдың октябінде WWW – үшін программалау жұмысын бастады. 1991 жылы бірінші WWW объектілері INTERNET қосылады. Өзінің еңбектері үшін Тим Бернерс-Ли бірнеше премиялар алды.

Дүниежүзілік өрмектің әрбір ресурсының адресі болады. URL (Uniform Resource Locator –универсалды ресур көрсеткіші) дер талатын адресер құжаттардың координаттарын немесе INTERNET сервистарын көрсетеді. Мысалы: URL бір адресі алсақ:  
[http:// www.geocities.com](http://www.geocities.com)

**WWW  
ЖҮЙЕСІ**

**WWW мәні  
Ақпарат түрі,  
кеңейтілуі  
туралы түсінік беру  
Web құжатты қарауға  
арналған  
бағдарламалық  
қолдау**

**ІЗДЕСТІР  
У  
ЖҮЙЕСІ**

**Оқушылардың  
[www.google.kz](http://www.google.kz)  
[www.rambler.ru](http://www.rambler.ru)  
[www.yahoo.com](http://www.yahoo.com)  
іздестіру жүйелері  
туралы  
түсініктерін  
қалыптастыру**

**MS  
INTERNE  
T  
EXPLORE  
R**

**Браузердің қызмет  
мүмкіндіктерін жіктеу  
браузер терезесімен  
таныстыру**



**Электронды пошта** (ағылш. *Email, e-mail яғни electronic mail*) – технология және оның қайта сілтеу бойынша ұсынылған қызметтері және компьютерлік желінің үлестірілуі бойынша алынған электрондық хабарламалар (соның ішінде ғаламдық). Хабарлама жіберудің басқа жүйелерден айырмашылығы (мысалы, әбсәтте келетін хабарламалар қызметі) болып, кейінге қалдырылған жеткізулер мүмкіндігі және дамыған жүйемен тәуелсіз **пошталық сервер** арасындағы қарым-қатынастар табылады.



# ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ АУДИО, ВИДЕО БАЙЛАНЫС ПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС





- **WhatsApp** — смартфондарға арналған мессенджер. Мәтіндік хабарландыру, сурет, видео және аудио жөнелтуге болады. Android, BlackBerry OS, BlackBerry 10, iOS, Series 40, Symbian (S60) және Windows Phone сияқты платформаларда жұмыс істейді. Мессенджерді жасаған компанияның негізін Ян Кум (Jan Koum) және Брайан Эктон (Brian Acton) 2009 жылы Калифорния штатында құрған. Компанияда 55 қызметкер жұмыс істейді.
- 2013 жылғы маусым мәліметтеріне сәйкес, WhatsApp арқылы күніне 27 миллиардқа жуық хабарландыру жөнелтіледі.



# WhatsApp

**ВКонтакте** немесе **VK** (орыс. *ВКонтакте*, "байланыста" деген мағына береді) — көбінесе орыстілді ғаламторда (рунет) танымал ресейлік көптілді халықаралық сайт, әлеуметтік желі. 2013 жылғы зерттеулер бойынша “ВКонтакте” сайтына күніне 43 миллион адам кірген.


The logo for VKontakte, featuring a white Cyrillic letter 'В' inside a blue rounded square, followed by the word 'контakte' in white lowercase letters on a dark blue background.

**В**контakte





"ВКонтакте" сайтының негізін салушы — Павел Дуров. Танымалдылығы жөнінен Белоруссия және Украинада – бірінші орынды, Ресейде – екінші орынды және Қазақстан бойынша төртінші орынды иеленеді.



**Facebook** ([ˈfeɪsˌbʊk]. қаз. *Фейсбук*) — әлемдегі ең ірі әрі ең танымал әлеуметтік желі. 2004 жылы Марк Цукерберг өзінің серіктестері Эдуардо Саверин, Дастин Москович және Крис Хьюзбен біріге отырып Facebook-тың негізін қалаған. Марк Цукерберг 23 жасында өзінің сайтының арқасында әлемдегі ең жас миллиардер болды.

Сайттың алғашқы аты TheFacebook деп аталды және ол тек Гарвард университетінің студенттеріне ғана қол жетімді болды, кейінірек Бостон университетінің студенттеріне де жол ашылды, ал содан соң .edu доменіндегі электрондық мекенжайы бар АҚШ тың кез келген оқу орнындағы студенттер де тіркеле алатын болды.



**facebook®**